

Еркін Әуелбековтың есімі де еңбегі де ұмытылмауы керек

«Фурманов»

ауылына қоғам және

мемлекет қайраткері

Еркін Нұржанұлы

Әуелбековтің атын

беруді ауыл

тұрғындарының атынан

ұсынамыз.

«Жақсының аты өлмейді» деген дана сөз бар. Жадындағы жақсысын халық ешқашан ұмытпайды. Белгілі мемлекет және қоғам қайраткері, саяси көшбасшы Еркін Әуелбековтің есімі алыс-жақындағы жұртқа етене таныс. Көкшетау, Торғай, Қызылорда өңірлерінде басшылық қызметте жүріп ұлан-ғайыр еңбек атқарды. Бұрын-соңды шешілмей келе жатқан істердің түйінін тарата алды. Кеңестік жүйенің сызған шеңберінен шығып, қара ормандай халықтың көкейкесті үнін тыңдай білді. Торғай облысын 1978-84 жылдары басқарған Еркін Нұржанұлы Әуелбековтің біздің облысымызға жаасаған жақсылығы мен игі істері күні бүгінге дейін қала халқының есінде. Текті Торғайдың киелі топырағына басшы болып келгенге дейін Москва ауыл шаруашылық Академиясын бітіріп, кеңшар директоры, 1961-65 жылдары Солтүстік Қазақстан облыстық кеңесі атқару комитеті төрағасының орынбасары, Солтүстік Қазақстан Обкомының 2-ші хатшысы, Солтүстік Қазақстан атқару коми-



тетінің төрағасы қызметін атқарған. 1965-68 жылдары 35 жастағы азамат ауыл шаруашылығы министрінің 1-ші орынбасары, 38 жасында Қазақ ССР астық өнімдері және құрама жем өндірісі министрі болады.

Әр салада қызмет атқарып, ысылған, аса тәжірбиелі басшы Еркін Әуелбеков 48 жасында Торғай облыстық партия комитетінің 1-ші хатшысы болып сайланды. Келе аймақтағы барлық саланы бақылауға алып, бұрын босаңсып кеткен салаларды назарға салды. Болып жатқан жайсыздықтарды өз көзімен көріп, басшыларына қатаң талап қояды. Осылай тәртіп қатайған жерде жұмыс та бір арнаға түсіп, Торғай аймағы гүлденіп, көркейе бастады. Еркін Нұржанұлы - еңбек адамына деген қамқорлықты басты назарда ұстаған азамат. Қай

аймаққа барса да басшымен емес, еңбек адамымен сұхбаттасып, олардың ұсыныс-пікірлеріне ерекше көңіл бөлетін.

Торғай облыстық шопандар слетін жыл сайын жаз айында өзі Торғайдан кеткенше өткізді. Бұл еңбек адамына деген ерекше қамқорлық, аса бір құрмет болатын. Киіз үйлер тігіліп, ән айтылып, күй тартылып, спорттың барлық түрлерінен, өнердің барлық саласынан жарыстар өтетін. Күрес, қыз қуу, аламан бәйге, айтыс, басқа да ұлттық дәстүрлер насихатталатын. Бұл қарапайым еңбек адамына жасалған аса зор қамқорлық еді.

1988 жылы ҚСРО Жоғарғы Кеңесі Ұлттар кеңесінің ұлттық саясат және халықаралық қатынастар жөніндегі комиссиясы төрағасының орынбасары, 1991-92 жылдары Қазақстан Республикасы Президентінің кеңесшісі қызметін атқарған.

Үш мәрте Ленин, Октябрь революциясы, үш мәрте Еңбек Қызыл Ту ордендері, медальдарымен марапатталған. Қоғам және мемлекет қайраткері 29-шы қаңтар 1999 жылы Алматы қаласында өмірден озды.

Еркін Нұржанұлының ерен еңбегін, елімізге жаасаған жақсылығын үнемі есте сақтау үшін «Фурманов» ауылына Еркін Нұржанұлы Әуелбековтың атын беру лайық деп ойлаймыз.

Қ. ЕРҒАЗИН,
Фурманов ауылы
тұрғыны